

БҚАТУ-да жаңа халықаралық серіктес пайда болуы мүмкін

Жәңгір хан университетіне келген Индонезия Республикасының Қазақстан және Тәжікстан мемлекеттеріндегі төтенше және өкілетті елшісі Мохаммад Фаджрул Рахман басқарма басшылығымен және белсенді жастармен жүздесті.

Төтенше және өкілетті елші білім ордасына өз әріптестерімен бірге келді. Жұмыс сапары барысында шетелдік қонақтар университет басшылығымен кездесіп, екі елдің жоғары оқу орындары арасында халықаралық деңгейде қарым-қатынас орнату жайында сөз қозғады. Жәңгір хан университетінің оқу жұмыстары жөніндегі проректоры Нұркен Губашев елшілік өкілдеріне жоғары оқу орнының білім беру деңгейі және ғылыми әлеуеті туралы айтып өтті. Төтенше және өкілетті елші Мохаммад Фаджрул Рахман Индонезияда академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында оқығысы келетін студенттерге қолдау көрсетуге дайын екендерін жеткізді. Бұдан әрі қос тарап екі ел арасындағы байланыс және білім-ғылым салалары бойынша мүмкіндіктер туралы пікір алмасты.

Сонымен қатар Индонезия елшілігінен келген меймандар студенттермен және оқытушылармен кездесті. Кездесу барысында Төтенше және өкілетті елші Мохаммад Фаджрул Рахман индонезиялық университеттердегі білім беру бағдарламаларын таныстырып, қазақстандық студенттер үшін білім алу мүмкіндіктері және академиялық алмасу туралы айтып өтті. Бұдан әрі Индонезия елшілігінің әлеуметтік-мәдени бөлімінің қызметкері Agung Saputra университет жастарына өз елдерінің бай мәдениеті мен өнерін таныстыру мақсатында ұлттық билерін билеп берді. Елшілік қызметкері Гүлнұр Сейсенқұлова танымдық викторина ұйымдастырып, жастардың көңілін сергітті. Белсенді студенттерге естелік сыйлықтар табысталды. Елшіліктен келген тағы бір мейман – William Jayangga



өзінің ана тілінде және қазақ тілінде ән шырқап, көпшілікті тәнті етті. Ал оралдық жасөспірімдер жаттықтырушыларымен бірге дәстүрлі индонезиялық жауынгерлік өнер элементтерін көрсетті.

Кездесу соңында қос тарап бір-біріне естелік сыйлықтар табыстап, достық және ынтымақтастық байланысты бекіте түсті.



Ғылыми жоба – үлкен көрмеде

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары білім және ғылым: Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» тақырыбындағы кеңейтілген алқа отырысы аясында ұйымдастырылған көрмеде Жәңгір хан университеті ғалымдарының да ғылыми жобасы назарға ұсынылды.

Алматыда өткен көрмеде 40-тан астам ғылыми жобалардың қатарынан орын алған «Қазақстанның мал азықтық алқаптарында тұрақты басқару контекстінде жемшөп дайындау технологиялары мен тәсілдерін жасақтау» ғылыми-техникалық бағдарламасының ғылыми жетекшісі – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі Бейбіт Нәсиев. Бұл ғылыми жоба еліміздегі мал азықтық алқаптарында тұрақты басқару контекстінде жемшөп дайындау технологиялары мен



тәсілдерін жасақтауға бағытталған. Басты мақсат – Қазақстанның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және

ауыл шаруашылығын дамыту бойынша маңызды стратегиялық құжаттарда қойылған басым міндеттерді шешу.

Мал шаруашылығы саласы үшін тұрақты азық өндірумен айналысатын Қазақстан фермерлері үшін маңызды бұл ғылыми жобаны ғалымдар 2023-2025 жылдары зерттеп, соның нәтижесінде түрлі іс-шаралар ұйымдастырып, халықаралық басылымдарға мақала жариялап, халықаралық конференцияларға да өздерінің зерттеулерін ұсынған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының пайдалы моделінің сегіз патенті алынған. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына еліміздегі бірқатар жоғары оқу орындары мен ғылыми орталықтар атсалысып, жалпы 6 PhD докторант, 17 магистрант және 21 студент қатысқан.

Ғылыми жобаны көрме қонақтарына Жәңгір хан университетінің оқытушысы, Агро-химиялық талдау зертханасының меңгерушісі, философия докторы (PhD) Мадияр Хиясов таныстырды. Жас ғалым бұл жобаға ғылыми қызметкер ретінде атсалысқан болатын.

Мерейтой иесін құттықтады

Политехникалық институт ұжымы агроинженерия саласының көрнекті өкілі, қауымдастырылған профессор Амангелді Сәрсеновті 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтады.



Мерейлі кеште институт ұжымы ардақты әріптестерін құттықтап, ғылым мен білім жолындағы елеулі еңбегіне жоғары бағаларын берді. Алдымен мерейтой иесінің өнегелі өмір жолы таныстырылды. Бұдан әрі университеттің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры Ақылбек Сұлтанов пен Политехникалық институт директоры Жанна Құбашева құттықтау сөз алды.

Кеш барысында институттың аға оқытушысы Болат Бектасов өзінің жүрекжарды арнау өлеңін оқып, әсерлі сәт сыйлады. Сондай-ақ әріптестері Ғалым Өтепов, Жақсығали Азғалиев, Әбдібай Кашбаев, Әділ Ибраев және докторанты Арайлым Түрешова мерейтой иесіне ізгі лебіздерін білдірді.

Амангелді Естайұлының еңбек жолына көз жүгіртсек, жастайынан еңбекке

араласып, ауыл шаруашылығы саласында қарапайым тракторшы болып жұмыс жасаған. Осылайша өндірістің қыр-сырын меңгерген ол табандылығы мен ізденімпаздығының арқасында кәсіби білім алып, инженер-механик атаныпты. Кейін еңбек тәжірибесін ғылыммен ұштастырған А.Сәрсенов 2003 жылы Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетіне оқытушы болып қызметке кіріседі. Ғылыми ізденістерін жүйелі түрде жалғастырып, докторлық диссертациясын қорғап, PhD дәрежесіне ие болды. Қарапайым еңбек жолынан басталған кәсіби ғұмыры бүгінде қауымдастырылған профессор ғылыми атағына ұласып, агроинженерия саласының дамуына елеулі үлес қосып отырған білікті ғалым әрі тәжірибелі ұстаз деңгейіне көтерілді.

Амангелді Естайұлы – агроинженерия саласының дамуына сүбелі үлес қосып жүрген, өндіріс пен ғылымды ұштастыра білген білікті ғалым, тәжірибелі ұстаз. Оның саналы ғұмыры – табанды еңбек пен ғылымға деген адалдықтың жарқын үлгісі.

Бибігүл САРБАЛИНА,
Политехникалық институт директорының орынбасары, т.ғ.к.



Тарихшылар бас қосқан жиын

Жәңгір хан университетінде «Алаш мұрасы және қазіргі қазақ қоғамындағы ұлттық ой-сана» тақырыбында ғылыми семинар өтті.

Жылдық жоспарға сай ұйымдастырылған шараның негізгі мақсаты – Алаш қозғалысы мұрасын тарихи-танымдық және идеялық тұрғыдан саралау арқылы қазіргі қазақ

қоғамындағы ұлттық ой-сананың қалыптасуы мен даму үдерісін ғылыми негізде талдау, зерттеу нәтижелерін ортаға салу және пікір алмасу алаңын қалыптастыру. Семинар жұмысына Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетіндегі «Қазақстан тарихы» кафедрасының қауымдастырылған профессорлары т.ғ.к. Гүлфайрус Жапекова

мен т.ғ.к. Ғанижамал Кушенова қашықтықтан (ZOOM платформасы) байланысқа қосылды. Сонымен қатар М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, т.ғ.к., қауымдастырылған профессор Альфия Байбулсинова мен сол кафедраның аға оқытушысы, т.ғ.к. Есқайрат Хайдаров қатысты.

Отырыс мазмұнды пікірлерге, тың ғылыми тұжырымдарға және нәтижелі талқылауларға ұласты. Қатысушылар белсенділік танытып, өздерінің ғылыми ізденістері мен ой-пікірлерін ортаға салды. Тарихшы ғалымдар «Ұлттық интеллигенцияның қалыптасуы және оның идеологиясы», «Ахмет Заки Валидидің мұрасы: мәдени бірлік пен саяси күрес», «Батыс Алашорда тарихындағы



қазақ әйелдерінің рөлі», «1929-1930 жылдардағы Жымпиты өңіріндегі халық наразылығы және оған қатысқан Алашорда өкілдері» тақырыбында баяндамалар оқыды. Семинар жұмысы мазмұнды әрі нәтижелі өтіп, көзделген мақсат-міндеттеріне толықтай жетті.

Басқосу соңында «Гуманитарлық, спорттық және әскери дайындық»

факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Қуатбек Байдалиев қатысушыларға ризашылығын білдіріп, университет басшылығы атынан алғыс хаттар табыстады.

Мақсат ДЖАНГУЖИЕВ,
Гуманитарлық және спорттық пәндерді оқыту орталығының аға оқытушысы, ф.д. (PhD)



Квест ойынында жеңіске жетті

Жәңгір хан университетінің «Өнеркәсіптік экология» білім беру бағдарламасының 1-курс студенттерінен құралған «БҚАТУ экологтары» командасы «EcoFuture: Таза Қазақстан» квест ойынында I орынды жеңіп алды.

Аталған іс-шараны «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасы аясында Орал қаласының ақпараттық-талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығы ұйымдастырды. «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы шеңберіндегі квест ойынына жоғары оқу орындарынан алты команда қатысты.

Ойынның мақсаты – қатысушылардың

экологиялық мәдениетін қалыптастыру, қоршаған ортаны қорғау, командалық жұмыс, көшбасшылық және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Туған жер табиғатына жанашырлық пен патриоттық көзқарас қалыптастыру.

Ақжібек БУЛЕКОВА
Тұрақты даму орталығының басшысы



«Қазақстандағы мұнай-газ кешенінің қазіргі жағдайы»

Индустриалды-технологиялық институтында «Тау-кен ісі және пайдалы қазбаларды өндіру» білім беру бағдарламалары тобына қарасты «GeoOil» студенттік ғылыми үйірмесінің кезекті отырысы дәріс-семинар түрінде өткізілді.

Іс-шараға профессор-оқытушылар құрамы, өндіріс саласының өкілдері, студенттер мен мектеп оқушылары қатысты. Іс-шараны институт директоры, т.ғ.к. Асқар Бакушев ашқаннан кейін институттың аға оқытушысы Шолпан Ерғалиева «Қазақстандағы мұнай-газ кешенінің қазіргі жағдайы» тақырыбында баяндама жасады. Семинар аталған тақырып төңірегінде пікір



алмасумен жалғасты. Өңірімізге белгілі геолог-әдіскер Г.Якименконың жетекшілігімен ұйымдастырылған облыстық жас-геологтардың «Сармат» үйірмесінің (жетекшісі – Наталья Байсариева) мүшесі, мектеп оқушысы Екатерина Баландина осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстар жөнінде ақпарат берді. Батыс Қазақстан жер қойнауы инспекциясының басшысы Н.Глазунова мұнай-газ саласындағы мәселермен бөлісті.

Жаңа ақпаратқа толы болған семинар соңында қатысушы жас геологтар мен олардың жетекшілеріне сертификаттар табысталды.

Алтынай КУПЕШОВА,
Индустриалды-технологиялық институтының аға оқытушысы

Алма ағаштары туралы мәлімет берілді

Жәңгір хан университеті базасында «Таза да сапалы, мол агрономиялық өнім» атты білім алушылар үйірмесі аясында «Алма бағын қысқы шырпу шаралары» тақырыбында ғылыми-практикалық ашық үйірме сабағы өтті.



Аталған шараны Ветеринария және агротехнология институтының доцент м.а., ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты Мейрамгүл Мусина, Гүлбарам Нұрғалиева және Нұрболат Жанаталапов

ұйымдастырды. Шараға «Агрономия» білім беру бағдарламасының бірінші және үшінші курс білім алушылары белсене қатысты.

Үйірме барысында тәлімбақ жетекшісі Мейрамгүл Мусина білім алушыларға жеміс ағаштарының қысқы кезеңдегі физиологиялық жай-күйі, алма ағашын қысқы шырпудың ғылымға негізделген әдістері жөнінде жан-жақты түсіндірме берді. Сонымен қатар алма ағаштарында кездесетін негізгі аурулар мен олармен күресу шаралары туралы құнды тәжірибелік мағлұматтар ұсынылды. Түсінік бере кетсек, шырпу дегеніміз – ағаштың артық, қураған немесе дұрыс өспей тұрған бұтақтарын кесу, реттеу дегенді білдіреді. Яғни, баптау, күтім жасау мақсатында бұтақтарын кию.

Ашық үйірме сабағы білім алушылардың теориялық білімін тәжірибемен ұштастырып, болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға зор ықпал етті.

Мейрамгүл МУСИНА,
Ветеринария және агротехнология институтының доцент м.а., а.ш.ғ.к



Көп тіл білудің қандай пайдасы бар?

Қазіргі заманда көп тіл білу – тек артықшылық емес, өмірлік маңызды қабілетке айналды. Ағылшын тілі пәнінің оқытушысы ретінде менің тәжірибемде тіл білу кәсіби және жеке дамуға айтарлықтай әсер етеді.

Ақпаратқа қолжетімділік.

Көп тіл білу арқылы жаңа ақпаратты жылдам меңгеруге болады. Мысалы, ағылшын тілін меңгеру шетелдік ғылыми мақалаларды оқуға, соңғы технологиялық жаңалықтарды түсінуге мүмкіндік береді. Менің тәжірибемде бұл сабақтарды заманауи материалдармен байытуға, ғылыми зерттеулерді өз жұмысымда қолдануға жол ашты.

Кәсіби байланыс және



шешім қабылдауға, проблемаларды әртүрлі қырынан қарауға және идеяларды тиімді жеткізуге септігін тигізеді.

Жеке даму және сенімділік.

Көп тіл білу жеке тұлғаның да-



ынтымақтастық.

Көп тіл білу халықаралық қатынастарда үлкен артықшылық береді. Өз тәжірибем сүйене отырып, шетелдік әріптестермен байланыс орнату, конференцияларда сөз сөйлеу тек тіл білудің арқасында жеңіл және нәтижелі болды деп айта аламын. Бұл – кәсіби қызметтің сапасын арттыруға және тың тәжірибе жинақтауға таптырмас мүмкіндік.

Ойлау кеңістігі мен мәдени түсінік.

Тіл үйрену тек сөздерді жаттау емес, жаңа ойлау тәсілі мен мәдени құндылықтарды түсіну болып табылады. Өзім үшін шет тілдерін меңгеру басқа елдердің көзқарасын, мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге жол ашты дер едім. Бұл кәсіби қызметте

муына да оң әсер етеді. Жаңа тілдерді үйрену арқылы өзімді үнемі жетілдіріп, кәсіби деңгейімді арттыруға баса көңіл бөлемін. Тіл білудің арқасында мен жаңа әдістемелерді меңгердім, өз ойымды нақты жеткізе алатындай дәрежеге жеттім және өзге мәдениетке деген түсіністігім арта түсті.

Көп тіл білу – тек грамматика мен сөздік қор емес, кәсіби даму, ойлау қабілетін кеңейту, мәдениетаралық тәжірибе жинау және өз мүмкіндіктерін арттыру құралы. Көп тіл білу кәсіби қызметті байытып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашады және адамның дүниетанымын кеңейтеді.


Индира ӘБДІҚАДЫР,
Тілдерді дамыту орталығының оқытушысы

Біздің спортшылар



Жәңгір хан университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Арсен Батенов баскетболдан U18 ҚР құрама командасының ойыншысы атанды.

Жәңгір хан университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Арнур Тапишев Африка құрлығындағы Уганда мемлекетінің астанасы Кампала қаласында бадминтоннан өткен халықаралық жарыста ерлер арасындағы жұптық санатта өнер көрсетіп, II орынды иеленді.



Жәңгір хан университетінің «Дене шынықтыру және спорт» білім беру бағдарламасының 1-курс студенті Ұлпан Ихсанова Астана қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен U-17 және U-20 жастар арасындағы Қазақстан Республикасы чемпионатында III орынды иеленді.



«Ұшқынның» кезекті премьерасы

Жәңгір хан университетінің «Ұшқын» студенттік театры өзінің кезекті премьерасын көрерменге ұсынды.

Бұл жолы студенттік театр ұжымы Әлімхан Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» қойылымын таңдаған екен. Режиссері – танымал театр актері Ақжол Ихсан. – Бірнеше драмалық туындының ішінен осы драманы таңдадық. Алдымызда аналар мерекесі келе жатыр. Соған орай көрерменнің анаға деген шексіз құрметін арттыруды мақсат тұттық. Әрине, кәсіби актерлар болмаса да, талантты жастар өз рөлдерін шеберлікпен ойнауға тырысты. Оның үстіне аз уақыт дайындалып,



сахнаға шығардық, – деді режиссер Ақжол Егінбайұлы.

Бұл қойылымда бірге туған бауырлардың бір-біріне де-

ген өшпенділігі мен олардың анасының өкініші баяндалады. Драма жанрындағы қойылым көрерменді терең ойға жетелеп, ата-ананың қадірін білуге шақырады. Студенттік театрдың жас актерлары да әр кейіпкерді шынайы сомдап, көпшіліктің жүрегіне жеткізуге тырысты.

Жәңгір хан университетіндегі 2024 жылы ашылған «Ұшқын» студенттік театрының құрамында 10 студент актерлік шеберлік пен сахна мәдениетін меңгеруде. «Бір түп алма ағашы» – олардың кезекті төртінші қойылымдары. Қойылым соңында режиссер Ақжол Ихсанға университеттің басқарма төрағасы-ректордың атынан алғыс хат табысталды.



Хабарландыру

«Запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша әскери дайындық қағидаларына» сәйкес, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың әскери кафедрасы запастағы офицерлер мен запастағы сержанттар бағдарламалары бойынша оқыту үшін студенттерді (ер балалар мен қыздар) қабылдайды.

Конкурсқа 24 жастан үлкен емес жастағы студенттер қатыса алады.

Әскери кафедрала оқу:

- запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқу 2 жыл 5 ай жүргізіледі;
- БҚАТУ студенттері үшін – тегін негізде;
- басқа жоғары оқу орындарының студенттері үшін – ақылы негізде;
- запастағы сержанттарды даярлау бойынша оқу 1 жыл 5 ай жүргізіледі – ақылы негізде.

Өтініштерді қабылдау 2026 жылдың 2 ақпанынан бастап 30 қыркүйегіне дейін жүзеге асырылады.

Запастағы офицерлерді даярлау бағдарламасы бойынша оқуға құжаттар келесі студенттерден қабылданады (ер балалар және қыздар):

- бірінші курс (3 жылдық оқумен);
- бірінші, екінші курстар (4 жылдық оқумен);
- бірінші, екінші және үшінші курстар (5 жылдық оқумен).

Запастағы сержанттарды даярлау бағдарламасы бойынша оқуға құжаттар келесі студенттерден қабылданады:

- бірінші курс (2 жылдық оқумен);
- бірінші және екінші курстар (3 жылдық оқумен);
- бірінші, екінші және үшінші курстар (4 жылдық оқумен);
- бірінші, екінші және үшінші курстар (5 жылдық оқумен).
- Өтініштерді қабылдау тәртібі:
- өтінішті электрондық үкіметтің www.egov.kz веб-порталы арқылы беру қажет.

Оқуға түсу жөніндегі сұрақтар бойынша әскери кафедраға жолығыңыз: Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51, Политехникалық институт ғимараты, «Б» блогы, байланыс телефондары: 50-16-57 (ішкі тел. 2-25), vk_zkatu@mail.ru

Әскери кафедра

Объявление

В соответствии с «Правилами военной подготовки по программам офицеров запаса и сержантов запаса» военная кафедра ЗКАТУ им.Жангир хана проводит набор студентов (юноши и девушек) для обучения по программам офицеров запаса и сержантов запаса.

К участию в конкурсе допускаются студенты в возрасте не старше 24 лет на год проведения конкурса.

Обучение на военной кафедре:

- по программе подготовки офицеров запаса обучение проводится 2 года 5 месяцев;
- для студентов ЗКАТУ - на бесплатной основе;
- для студентов других ВУЗов – на платной основе;
- для сержантов запаса обучение проводится 1 года 5 месяцев – на платной основе.

Прием заявлений осуществляется с 2 февраля по 30 сентября 2026 года.

- для обучения по программе подготовки офицеров запаса документы принимаются у студентов (юношей и девушек)
- первого курса (с 3-х годичным обучением),
- первого, второго курсов (с 4-х годичным обучением),
- первого, второго, третьего курсов (с 5-ти летним обучением);

Для обучения по программе подготовки сержантов запаса документы принимаются у студентов

- первого курса (с 2-х годичным обучением),
- первого, второго курсов (с 3-х годичным обучением)
- первого, второго, третьего курсов (с 4-х годичным обучением),
- первого, второго, третьего курсов (с 5-ти летним обучением).

Прием заявлений:

- необходимо подавать через веб-портал электронного правительства - www.egov.kz;

По всем вопросам поступления обращаться на военную кафедру: г.Уральск, ул.Жангир хана, 51, корпус Политехнического института, «Б» блок. Контактные телефоны: 50-16-57 (внутр. тел. 2-25), vk_zkatu@mail.ru.

Военная кафедра

Меншік несі:

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті. Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігінде 2004 жылдың 29 қаңтарында тіркеліп, №4651 – Г куәлігі берілген.

БҚАТУ
баспасөз хатшысы
Ләззат ҚАЖЫМОВА

Компьютерде
беттеуші
және дизайнер
Қайрат ИСИМОВ

Газет Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың баспасөз қызметінде теріліп, беттеліп, Жарнама-баспа орталығында басылады.

Газет электронды түрде университеттің интернет ресурстарында таратылады. Тапсырыс: № 596 Қолжазба авторға қайтарылмайды. Мақаладағы деректердің нақтылығына автор жауапты.

Баспасөз қызметінің мекенжайы:

090009, Орал қаласы, Жәңгір хан көшесі, 51. Бас ғимарат 231-бөлме 1-42 info_zkatu@mail.ru